

Әбу Насыр әл-Фараби



Данышпан Әбу Насыр әл-Фараби
Түркістан тарапындағы Отырар
шаһарында 870 жыл шамасында
туған. 950 жылы Шам (Дамаск)
шаһарында ұлы ұстаз дүние салды.
Бұл мәлімет ерте заманғы арабша
жазылған шежіре кітаптарында
берілген.



Отырар шаһары-Арыс өзенінің
Сырдария өзеніне құяр аралығына
орналасқан.



Отырар сол кездегі үлкен шаһарлардың бірі болды. Бұл жерде көптеген төбелер жатыр. Сол төбелердің барлығы да бір кездегі Отырар қаласының орны.





Әл- Фараби- ұлы ғалым. Ол- ұлы ойшыл, философ, социолог, математик, физик, ботаник, лингвист, логик, музыка зерттеушісі.



Әл- Фараби араб, парсы, түркі,
латын, грек тілдерін жақсы білген.

Әл- Фараби есімі дүние жүзі
мәдениеті мен ғылымының
тарихынан берік орын алады.
Оны шығыстың Аристотелі деп
атаған.



Шымкент қаласында Мәдениет институты, Алматыда Қазақ Ұлттық университеті Әбу Насыр Әл-Фараби атымен аталады.

